

**Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілеріне ветеринариялық құжаттарды беру қағидаларын бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 22 қыркүйектегі № 1230 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 қазандағы № 870 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.10.2015 № 870 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 21 мамырдағы № 7-1/453 бұйрығын қараңыз.

«Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 1-бабының 9) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілеріне ветеринариялық құжаттарды беру қағидалары **б е к і т і л с і н .**

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Премьер-Министрі* *Қазақстан Республикасының*  
*К. Мәсімов*  
Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2012 жылғы 22 қыркүйектегі  
№ 1230 қаулысымен  
бекітілген

**Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілеріне ветеринариялық құжаттарды беру қағидалары**

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілеріне ветеринариялық құжаттарды беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 1-бабының 9) тармақшасына сәйкес әзірленді және мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілеріне ветеринариялық құжаттарды беру тәртібін айқындайды.

2. Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) бизнес-сәйкестендіру нөмірі – бірлескен кәсіпкерлік түріндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға (филиал және өкілдік) және дара кәсіпкер үшін қалыптастырылатын бірегей нөмір (бұдан әрі – БСН);

2) ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның ведомствосы (бұдан әрі – уәкілетті орган ведомствосы) – мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның комитеті;

3) ветеринариялық құжаттар: ветеринариялық-санитариялық қорытынды – республикалық маңызы бар қаланың, астананың бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы және оның орынбасары, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілеріне (бұдан әрі – объектілер) беретін, объектілердің ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидаларға сәйкестігін (сәйкес еместігін) белгілейтін құжат;

ветеринариялық сертификат – республикалық маңызы бар қаланың, астананың бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы және оның орынбасары, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауға және қадағалауға жататын Қазақстан Республикасының ішінде және республиканың шегінен тыс (экспортқа) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерге беретін, ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздігін растайтын құжат;

ветеринариялық анықтама – облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің ветеринария саласында қызметті жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органы бөлімшесінің (бұдан әрі – жергілікті атқарушы орган бөлімшесі) ветеринариялық дәрігері, сондай-ақ жануарлардың, жануардан алынатын өнім

мен шикізаттың ветеринариялық нормативтерге сәйкестігін айқындау жөніндегі өндірістік бақылау бөлімшесінің аттестатталған ветеринариялық дәрігері тиісті жануарларға, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатқа беретін, тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағындағы эпизоотиялық ахуал туралы құжат;

4) ветеринариялық бақылау бекеті – шекара және кеден пункттерінің (Кеден одағының кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінің) аумағында орналасқан, қажетті жабдықтармен және аспаптармен жарақталған, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті орган ведомствосының бөлімшесі;

5) ветеринариялық паспорт – Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нысандағы құжат, онда жануарларды есепке алу мақсатында жануардың иесі, түрі, жынысы, түсі, жасы көрсетіледі;

6) ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидалар – мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау объектілеріне қойылатын ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық, зоогигиеналық) талаптарды белгілейтін, сондай-ақ ветеринариялық нормативтердің негізінде ветеринариялық іс-шараларды жүргізу тәртібін айқындайтын, жеке және заңды тұлғалардың орындауы үшін міндетті болып табылатын нормативтік құқықтық акті;

7) ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздік – жануарлардың саулығы, жануарлардан алынатын өнім мен шикізаттың тағамдық қауіпсіздігі, аумақтың ветеринариялық-санитариялық салауаттылығы, халықты жануарлар мен адамға ортақ аурулардан қорғау, сондай-ақ мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілерінің Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкестігі қамтамасыз етілетін мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілерінің жай-күйі;

8) ветеринариялық пункт – ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыру үшін ауданның жергілікті атқарушы органдары құрған, аудандық маңызы бар қалада, кентте, ауылда (селода), ауылдық (селолық) округте орналасқан мемлекеттік ветеринариялық ұйымның оқшау бөлімшесі;

9) иесі – ветеринариялық құжаттар беруге жүгінген жеке және заңды тұлғалар;

10) рұқсаттар тізілімінен үзінді – рұқсат нөмірі мен орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объекті туралы мәліметтерді қамтитын орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің импортына, экспортына және транзитіне рұқсат беру туралы уәкілетті орган ведомствосының жазбаша хабарламасы;

11) жануарлар – адам өсіретін, ауыл шаруашылығы өндірісіне тікелей қатысы

бар ауыл шаруашылығы жануарлары мен құстарының барлық түрі, сондай-ақ құрлықта, суда, атмосферада және топырақта табиғи еркіндігі жағдайында болатын жабайы жануарлар (сүтқоректілер, құстар, бауырымен жорғалаушылар, қосмекенділер, балықтар, моллюскалар, жәндіктер және басқалары);

12) жеке сәйкестендіру нөмірі – жеке кәсіпкерлік түрінде қызметін жүзеге асыратын жеке тұлға, оның ішінде жеке кәсіпкер үшін қалыптастырылатын бірегей нөмір (бұдан әрі – ЖСН);

13) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру – ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі деректер базасына ауыл шаруашылығы жануары туралы мәліметтерді енгізе отырып және ауыл шаруашылығы жануарларына арналған ветеринариялық паспортты бере отырып, бірдейлендіру бұйымдарын (құралдарын) пайдалану, таңбалау жолымен жануарларға жеке нөмір беруді қамтитын жануарларды есепке алу рәсімі;

14) партия – атауы бір, шығарылған күні бірдей, бір өндіруші бірдей жағдайларда өндірген (дайындаған) және (немесе) буып-түйген, бірдей жағдайларда сақталған, бір уақытта тапсыруға, тиеп-жөнелтуге, сатуға арналған орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің біртекті мөлшерінің жиынтығы;

15) асыл тұқымдық куәлік – Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тәртіппен асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы қызметті жүзеге асыратын асыл тұқымды мал зауыты, асыл тұқымды мал шаруашылығы, асыл тұқымды мал орталығы, асыл тұқымды малдың ұрықтарын өткізу жөніндегі дистрибьютерлік орталық, асыл тұқымдық өндіруші және ірі қара малдың тұқымдары бойынша республикалық палата беретін, асыл тұқымдық өнімнің (материалдың) ата-тегін, өнімділік және өзге де сапаларын растайтын құжат;

16) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақыланатын және қадағаланатын орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілер (бұдан әрі – орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілер) – жануарлар, жануарлардың жыныстық және соматикалық жасушалары, жануарлар аурулары қоздырушыларының штаммдары, жануарлардан алынатын өнім мен шикізат, ветеринариялық препараттар, жемшөп пен жемшөп қоспалары, патологиялық материал немесе олардан іріктеп алынатын сынамалар, су, ауа, топырақ, өсімдіктер сынамалары, ветеринариялық және зоогигиеналық мақсаттағы бұйымдар мен атрибуттар, сондай-ақ оларды буып-түю және тасымалдау үшін пайдаланылатын барлық ыдыс түрлері және осындай орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді тасымалдайтын көлік құралдары;

17) ветеринария саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелері (бұдан – әрі аумақтық бөлімшелер) – тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерде (облыс, аудан, облыстық, республикалық маңызы бар қалалар, астана

) орналасқан аумақтық бөлімшелер;

18) өндірістік бақылау бөлімшелері – жануарларды союды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілерінің әкімшіліктері құрған, жануарлардың, жануарлардан алынатын өнім мен шикізаттың ветеринариялық нормативтерге сәйкестігін айқындау жөніндегі бөлімшелер.

3. Ветеринариялық-санитариялық қорытындыны, ветеринариялық сертификатты және ветеринариялық анықтаманы беру ақысыз түрде жүзеге асырылады, төлем сұратылған ветеринариялық құжаттың бланкісі үшін оның берілу кезіндегі нақты құны бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген тәртіппен түскен қаржыны бюджет кірісіне аудару арқылы алынады (бұдан әрі – бланкі үшін төлем квитанциясы).

4. Ветеринариялық-санитариялық қорытынды, ветеринариялық анықтама, ветеринариялық сертификат бланкілері мемлекеттік немесе орыс тілдерінде, ветеринариялық сертификат қажет болған кезде ағылшын тілінде беріледі.

Берілген ветеринариялық құжаттарды есепке алу қатаң есептілік құжаттарымен қатар жүргізіледі, ветеринариялық құжаттардың көшірмелері мен түбіртектері 3 жыл ішінде сақталуы тиіс.

## **2. Ветеринариялық-санитариялық қорытындыны беру тәртібі**

5. Республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы және оның орынбасары (бұдан әрі – инспектор) объектілерге ветеринариялық-санитариялық қорытынды беруге құқығы бар мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлардың тізімін (бұдан әрі – тізім) б е к і т е д і .

6. Ветеринариялық-санитариялық қорытындыны инспектор, тізімдегі мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау нәтижелері бойынша осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысанда береді.

7. Иесі ветеринариялық-санитариялық қорытынды алу үшін аумақтық бөлімшеге мыналарды көрсетіп, жазбаша түрде өтініш (еркін нысандағы өтініш) б е р е д і :

1) жеке тұлғалар үшін – тегі, аты, әкесінің аты, ЖСН, объектінің орналасқан ж е р і ;

2) заңды тұлғалар үшін – атауы, БСН, объектінің орналасқан жері, оның б е й і н і .

Өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

- 1) жеке тұлға үшін – жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 2) заңды тұлғалар үшін – мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің\* немесе анықтаманың көшірмесі;

ескертпе: \*«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін жарамды болады;

- 3) бланкі үшін ақы төленгендігі туралы квитанция.

**Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 24.04.2013 № 390 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

8. Осы Қағидалардың 7-тармағында көрсетілген толық емес құжаттар пакеті ұсынылған жағдайда иесіне өтініш жасалған күні жазбаша дәлелді бас тарту беріледі.

Толық құжаттар пакеті ұсынылған жағдайда жеке (заңды) тұлғалардың өтініштерін есепке алу журналында тіркеу жүргізіледі және иесіне тіркеу күні және нөмірі қойылған өтініштің көшірмесі беріледі.

9. Өтініш қаралғаннан кейін инспектордың нұсқауы бойынша объектіге инспекторлық тексеру жүргізу үшін мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор жіберіледі.

10. Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор:

- 1) объектіні тексеруге дейін бір тәулік бұрын объектінің орналасқан жері бойынша құқықтық статистика органдарына хабарлайды;

- 2) объектіні тексеруді жүзеге асырады;

- 3) объектінің ұсынылған құжаттарға сәйкестігін тексереді;

- 4) объектінің ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидаларға сәйкестігін тексереді;

- 5) инспекциялау актісін жасайды және осы Қағидалардың 7-тармағында көрсетілген құжаттармен бірге инспектордың, тізімдегі мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектордың қарауына шешім қабылдау үшін енгізеді.

11. Инспектор, тізімдегі мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор бір жұмыс күні ішінде:

- 1) мөрмен және қолымен расталған объектінің ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидаларға сәйкестігі туралы;

- 2) айқындалған бұзушылықтарды жою туралы ұсынымдармен бірге мөрмен

және қолымен расталған объектінің ветеринариялық ( ветеринариялық-санитариялық) қағидаларға сәйкес келмеуі туралы қорытынды беріледі.

Бұзушылықтарды жойғаннан кейін осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен ветеринариялық-санитариялық қорытынды беріледі.

Объектінің сәйкес келмеу себептері мыналар болып табылады:

1) объектінің ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидаларға сәйкес келмеуі;

2) объекті туралы ақпараттың ұсынылған құжаттарға, сондай-ақ осы Қағидалардың 7-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келмеуі;

3) жануарлардың жұқпалы аурулары бойынша объектінің шыққан ( орналасқан) жеріндегі эпизоотиялық жағдайдың өзгеруі (нашарлауы).

12. Ветеринариялық-санитариялық қорытынды өтініш келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде беріледі.

13. Ветеринариялық-санитариялық қорытынды екі данада жасалады, бір данасы иесіне немесе өкіліне беріледі, ал екінші данасы осы құжатты берген ұйымда сақталады.

### **3. Ветеринариялық сертификатты беру тәртібі**

14. Инспектор орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерге Қазақстан Республикасының ішінде және экспортқа қолданылатын ветеринариялық сертификат беруге құқығы бар мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлардың тізімін (бұдан әрі – тізім) бекітеді.

15. Инспектор, тізімдегі мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің әр партиясына ветеринариялық сертификат береді және ол объектіні межелі пунктіне дейін тасымалдау кезеңінде жарамды болады.

16. Ветеринариялық сертификат осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес тізбеде көрсетілген орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерге 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша беріледі.

17. Ветеринариялық сертификат ветеринария саласындағы заңнамаға сәйкес аумақтарды аймақтарға бөлуді ескере отырып беріледі. Қолайсыз және буферлік аймақтан әкелінген орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерге ветеринариялық сертификат берілмейді.

18. Жануарларды 5 басқа дейінгі санда тасымалдау кезінде олар туралы жазба жануардың атын және жеке нөмірін, сондай-ақ жынысын, тұқымын, жасын көрсете отырып, ветеринариялық сертификатқа енгізіледі.

Жануарларды 5 бастан жоғары санда тасымалдау кезінде ветеринариялық сертификатқа жоғарыда аталған сертификатты берген инспектордың, тізімдегі мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектордың мөрімен және қолымен куәландырылған тізімдеме қоса беріледі.

19. Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіні Қазақстан Республикасының ішінде орнын ауыстыру (тасымалдау) кезінде иесі инспекторға, тізімдегі мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторға өтінішіш берген күні ветеринариялық сертификат беріледі не жазбаша түрде дәлелді б а с т а р т ы л а д ы .

Иесі ветеринариялық сертификатты алу үшін инспекторға, тізімдегі мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторға орны ауыстырылатын ( тасымалданатын) объектінің орнын ауыстыруды (тасымалдауды) болжамды бастау күніне дейін мыналарды көрсете отырып, жазбаша өтінішпен (еркін н ы с а н д а ) ө т і н е д і :

1) жеке тұлғалар үшін – тегі, аты, әкесінің аты, ЖСН, мекен жайы, жануардың (балықтардан, аралардан, қосмекенділерден, жәндіктерден басқа) және жануарлардан алынатын өнім мен шикізаттың орнын ауыстыру кезінде – ж а н у а р д ы ң ж е к е н ө м і р і ;

2) заңды тұлғалар үшін – атауы, БСН, мекен жайы, ведомство берген өндіріс объектісінің есептік нөмірі, жануардың (балықтардан, аралардан, қосмекенділерден, жәндіктерден басқа) және жануарлардан алынатын өнім мен шикізаттың орнын ауыстыру кезінде – жануардың жеке нөмірі;

3) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің атауы;

4) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің саны, оның өлшем б і р л і г і ;

5) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объекті тасымалдау кезінде пайдалануы болжанған көлік түрі;

6) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің жүріс маршруты;

7) орнын ауыстыру мақсаттары (тірі жануарлар үшін – өсіру және күтіп бағу, сату, етке сою; өнім мен шикізат үшін – өткізуге, қайта өңдеуге; жемшөп және жемшөп қоспалары үшін – ол арналған жануарлардың түрі);

8) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіні сақтауды (қайта өңдеуді, өткізуді) жүзеге асыратын өндірістік объектілерді және олардың есептік нөмірін көрсете отырып, Қазақстан Республикасының аумағындағы межелі пункті.

Өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) асыл тұқымды жануарларды тасымалдау кезінде – жануардың асыл тұқымдық куәлігінің көшірмесі, ветеринариялық паспорты немесе ветеринариялық а н ы қ т а м а с ы ;

2) жануарды тасымалдау кезінде – жануардың ветеринариялық паспорты



немесе ветеринариялық анықтамасы;

3) жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты тасымалдау кезінде – жүргізілген қажетті зертханалық зерттеулер туралы ветеринариялық зертханалардың сараптама актісі.

Инспектор, тізімдегі мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор ұсынылған құжаттардың толықтығын ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидаларға және қауіпсіздік талаптарына сәйкестігіне тексереді, өтінішті жеке (заңды) тұлғалардың өтініштерін есепке алу журналында тіркейді, ветеринариялық зертхананың немесе өндірістік бақылау бөлімшесінің сараптама актісін зерделейді, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіні тексеріп қарауды және көлік құралының ветеринариялық-санитариялық жай-күйін бағалауды жүргізеді.

Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидаларға және қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі анықталған кезінде мөрімен және қолымен расталған ветеринариялық сертификат беріледі.

Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіге ветеринариялық сертификат беруден бас тарту үшін мыналар негіз болып табылады:

1) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объекті туралы ақпараттың ұсынылған құжаттар сәйкес келмеуі;

2) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің және көлік құралының ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидаларға және қауіпсіздік талаптарына сәйкес келмеуі;

3) құжаттардың толық емес пакеті.

Межелі орнына келген орын ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілер партиясын неғұрлым ұсақ партияларға бөлшектеген жағдайда инспектор, тізімдегі мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор жаңа иелеріне, бұрын берілген ветеринариялық сертификаттардың көшірмелерін береді, олар (парақтың артқы жағында) мынадай мәліметтер енгізіледі:

1) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің және жаңа көлік құралының ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидаларға және қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі;

2) көлік құралының нөмірі, оған қайта тиелген орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің саны;

3) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің атауы және орналасқан жері, қайта тиелген күні.

Ветеринариялық сертификаттардың көшірмелері берген инспектордың, тізімдегі мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектордың мөрімен және қолымен расталады.

Ветеринариялық сертификаттың түпнұсқасында қайта тиелген орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің саны, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіні алушының атауы мен орналасқан жері туралы жазба жазылады, ол партияны бөлшектеуді жүргізген ұйымда сақталады, сондай-ақ  
ж у р н а л д а т і р к е л е д і .

20. Кеден одағының аумағына Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 18 қарашадағы № 455 шешімімен бекітілген бірыңғай нысандағы ветеринариялық сертификаттар беріледі.

21. Қазақстан Республикасынан басқа мемлекеттерге шығарылатын орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіге ветеринариялық сертификат рұқсаттар тізілімінен көшірме болған кезде экспорттаушы елдің талаптарына сәйкес беріледі.

Иесі ветеринариялық сертификатты алу үшін тасымалдауды бастағанға дейін үш жұмыс күнінен кеш емес мерзімде инспекторға, тізімдегі мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторға мыналарды көрсете отырып, жазбаша өтінішпен (еркін нысанда) өтінеді:

1) жеке тұлғалар үшін – тегі, аты, әкесінің аты, ЖСН, мекенжайы, жануардың (балықтардан, аралардан, қосмекенділерден, жәндіктерден басқа) және жануарлардан алынатын өнім мен шикізаттың орнын ауыстыру кезінде – жануардың жеке нөмірі;

2) заңды тұлғалар үшін – атауы, БСН, мекен жайы, уәкілетті орган ведомствосы берген өндіріс объектісінің есептік нөмірі, жануардың (балықтардан, аралардан, қосмекенділерден, жәндіктерден басқа) және жануарлардан алынатын өнім мен шикізаттың орнын ауыстыру кезінде - жануардың жеке нөмірі;

3) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің атауы;

4) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің саны, оның өлшем бірлігі;

5) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің экспорттаушы елі және межелі пункті;

6) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің экспорты кезінде пайдалануға болжанған көлік түрі;

7) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіні өткізуді жүзеге асыру болжанатын мемлекеттік шекарадағы өткізу пунктерін көрсете отырып, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің жүріс маршруты;

8) экспорт мақсаттары (тірі жануарлар үшін – өсіру және күтіп бағу, сату, етке сою; өнім мен шикізат үшін – өткізуге, қайта өңдеуге; жемшөп және жемшөп қоспалары үшін – ол арналған жануарлардың түрі);

9) экспортқа рұқсаттың нөмірі, күні.

Өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) асыл тұқымды жануарларды тасымалдау кезінде – жануардың асыл тұқымдық куәлігінің көшірмесі, ветеринариялық паспорты немесе ветеринариялық анықтамасы;

2) жануарды тасымалдау кезінде – жануардың ветеринариялық паспорты немесе ветеринариялық анықтамасы;

3) жануарлардан алынған өнім мен шикізатты тасымалдау кезінде – жүргізілген қажетті зертханалық зерттеулер туралы ветеринариялық зертханалардың сараптама актісі.

Инспектор, тізімдегі мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор ұсынылған құжаттардың толықтығын ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидаларға және қауіпсіздік талаптарына сәйкестігіне тексереді, өтінішті жеке (заңды) тұлғалардың өтініштерің есепке алу журналында тіркейді, ветеринариялық зертхананың немесе өндірістік бақылау бөлімшесінің сараптама актісін зерделейді, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіні тексеріп қарауды және көлік құралының ветеринариялық-санитариялық жай-күйін бағалауды жүргізеді.

Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидаларға сәйкестігі анықталған кезде инспектордың, тізілімдегі мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектордың мөрімен және қолымен расталған ветеринариялық сертификат беріледі.

Экспортқа ветеринариялық сертификат өтініш түскен сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде беріледі.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өткен кезде ветеринариялық бақылау бекетінің мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы құжаттамалық, физикалық және, қажет болған кезде, зертханалық бақылау нәтижелері бойынша ветеринариялық сертификаттың бағанына тиісті мөртабан қояды.

Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіге ветеринариялық сертификат беруден бас тарту үшін мыналар негіз болып табылады:

1) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объекті туралы ақпараттың ұсынылған құжаттар сәйкес келмеуі;

2) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің, көлік құралының ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидаларға және қауіпсіздік талаптарына сәйкес келмеуі;

3) рұқсаттар тізілімінен үзіндінің болмауы;

4) құжаттардың толық емес пакеті.

22. Қазақстан Республикасына басқа мемлекеттерден келетін орны

ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіге соңғы межелі пунктіне дейін бағанында «әкелуге рұқсат етілген» деген мөртабан қойылған экспорттаушы елдің ветеринариялық сертификаты қолданылады.

23. Етке, тері-жүн шикізатына ветеринариялық сертификат мемлекеттік ветеринариялық зертхананың сараптама актісінің негізінде олар таңбаланғаннан кейін ғана беріледі.

24. Аудан, қала, облыс, республика шегінен тыс шығарылатын етте, тері-жүн шикізатында таңбаның айқын белгілері болмаса, оларды әкетуге берілген ветеринариялық сертификат жарамсыз болып есептеледі.

#### **4. Ветеринариялық анықтаманы беру тәртібі**

25. Ветеринариялық анықтама иесі өтінген күні ресімделеді, жануардың ветеринариялық паспортының және жеке нөмірінің, ветеринариялық тексеріп қарау нәтижелерінің бар болуы, тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағындағы эпизоотиялық жағдай, ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі деректер базасындағы немесе одан үзіндідегі жануарлар туралы мәліметтерді негізінде, жануарға және жануардан алынатын өнім мен шикізатқа беріледі.

Ветеринариялық анықтама Қазақстан Республикасының ішінде жарамды және осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша беріледі.

Жануарға, жануардан алынатын өнім мен шикізатқа берілген ветеринариялық анықтама межелі пунктіне дейін, жануардан алынған сүтке берілген сәттен бастап бір ай ішінде жарамды. Жануардың, жануарлардан алынатын өнім мен шикізаттың шыққан жерінің эпизоотиялық ахуалы өзгерген жағдайда бұрын берілген ветеринариялық анықтама жұқпалы ауру жойылғанға дейін алып қойылады.

26. Жануардың және жануарлардан алынатын өнім мен шикізаттың орнын ауыстыруды (тасымалдауды) жүзеге асыратын иесі жануардың, жануарлардан алынатын өнім мен шикізаттың шыққан жері бойынша жергілікті атқарушы орган бөлімшесінің ветеринариялық дәрігеріне (бұдан әрі – ветеринариялық дәрігер) өтінеді.

Жануарларды союды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілерінде жануарларға, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатқа ветеринариялық анықтаманы Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тәртіппен аттестатталған өндірістік бақылау бөлімшесінің ветеринариялық дәрігері (бұдан әрі – аттестатталған ветеринариялық дәрігер) береді.

27. Ветеринариялық дәрігер, аттестатталған ветеринариялық дәрігер

жануарды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты ветеринариялық тексеріп қарағаннан кейін ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі деректер базасындағы немесе одан үзіндідегі жануарлар туралы мәліметтер, сондай-ақ аумақтың өтіну сәтіндегі эпизоотиялық ахуалды бағалау негізінде мөрімен және қолымен расталған ветеринариялық анықтаманы береді. Жануарды сою алаңында сойған жағдайда етті кейіннен таңбалай отырып, жануарды және оны сою өнімдерін ветеринариялық тексеріп қарау жүргізіледі. Сойғаннан кейін жануардың терісіне жоғарғы оң жақ бұрышына жапсырма (суланбайтын материалдан жасалған) бекітіледі, онда жуылмайтын сиямен жануардың жеке нөмірі көрсетіледі.

28. Ветеринариялық дәрігер иесіне өтінген күні мынадай жағдайларда ветеринариялық анықтама беруден жазбаша дәлелді бас тарту береді:

1) жануардың, жануарлардан алынатын өнім мен шикізаттың шыққан (орналасқан) жерінде жануарлардың жұқпалы аурулары бойынша эпизоотиялық жағдайдың өзгеруі (нашарлауы);

2) жануардың, жануарлардан алынатын өнім мен шикізаттың шыққан (орналасқан) жерінде қолайсыз аймақтарды анықтау;

3) жануардың жеке нөмірінің болмауы;

4) жануардың, жануарлардан алынатын өнім мен шикізаттың, көлік құралының ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидаларға және қауіпсіздік талаптарына сәйкес келмеуі.

29. Аттестатталған ветеринариялық дәрігер осы Қағидалардың 28-тармағында көрсетілген жағдайлар туындаған кезде ветеринариялық анықтаманы бермейді.

30. Тері жүн былғары шикізатына ветеринариялық анықтама жануардың жеке нөмірі көрсетілген жапсырма болған кезде беріледі.

Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілеріне ветеринариялық құжаттарды беру

қағидаларына

1-қосымшасы

Приложение 1

к Правилам выдачи ветеринарных документов на объекты государственного ветеринарно-санитарного контроля и надзора

**ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ-САНИТАРИЯЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫНЫҢ ТҮБІРТЕГІ**

**№ \_\_\_\_\_**

**КОРЕШОК ВЕТЕРИНАРНО-САНИТАРНОГО ЗАКЛЮЧЕНИЯ**

\_\_\_\_\_ жылы / год « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ облысы / область \_\_\_\_\_ ауданында  
берілді / в \_\_\_\_\_ районе \_\_\_\_\_ выдано

(жеке/ заңды тұлғаның аты-жөні / Ф.И.О. физического/юридического лица)  
Объектінің атауы, мекенжайы, есептік нөмірі, жануардың жеке нөмірі /  
Наименование, адрес, учетный номер объекта, индивидуальный номер  
животного \_\_\_\_\_

(жеке тұлғалар үшін) ЖСН /ИИН (для физических лиц) \_\_\_\_\_  
(заңды тұлғалар үшін) БСН /БИН (для юридических лиц) \_\_\_\_\_

Ветеринариялық-санитариялық қорытындының қолданылу мерзімі:  
Срок действия ветеринарно-санитарного заключения: \_\_\_\_\_

ветеринариялық-санитариялық инспектордың қызметі, аты-жөні, қолы  
должность ветеринарно-санитарного инспектора, Ф.И.О., подпись  
« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 201 \_\_ ж. / г.

Қазақстан Республикасы / Республика Казахстан  
Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау  
Государственный ветеринарно-санитарный контроль

-----  
облыс / область \_\_\_\_\_ Нысан/Форма

-----  
аудан, қала / район, город

-----  
қорытындыны берген мемлекеттік органның атауы/  
наименование государственного органа, выдавшего заключение

## **ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ – САНИТАРИЯЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ ВЕТЕРИНАРНО-САНИТАРНОЕ ЗАКЛЮЧЕНИЕ**

Жасалған жері / Место составления \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ қала, аудан / город, район

Мен /Я, \_\_\_\_\_ тексердім /  
проверил  
мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектордың аты-жөні, лауазымы /  
Ф.И.О. государственного ветеринарно-санитарного инспектора, должность

Объектінің атауы, есептік нөмірі және оның саласы / Наименование объекта,  
учетный номер и его профиль

(жеке тұлғалар үшін) ЖСН /ИИН (для физических лиц) \_\_\_\_\_

(заңды тұлғалар үшін) БСН /БИН (для юридических лиц) \_\_\_\_\_

Мекенжайы, тұрған жері / Адрес, местонахождение \_\_\_\_\_

Иесі немесе басшысы / Владелец или руководитель \_\_\_\_\_

Ветеринариялық зертхананың сараптама актісінің (сынақ хаттамасы немесе  
сынақ есебі) немесе инспекциялау актісі № негізінде / На основании акта  
экспертизы ветеринарной лаборатории (протокол испытания или результат  
испытания) или № акта инспектирования \_\_\_\_\_

Анықталғаны / Установлено \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасында  
белгіленген ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидаларға  
сәйкестігі туралы қорытынды / Заключение о соответствии ветеринарным (   
ветеринарно-санитарным) правилам, установленным законодательством  
Республики Казахстан в области ветеринарии \_\_\_\_\_

Ұсыныстар / Рекомендации: \_\_\_\_\_

-----

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Ветеринариялық-санитариялық қорытындының бір данасын алдым / Один экземпляр ветеринарно-санитарного заключения получил \_\_\_\_\_ иесінің немесе басшының қолы / подпись владельца или руководителя

М . . . . .  
О . . . . .  
М.П.

<b>Бас</b>	<b>мемлекеттік</b>	<b>ветеринариялық-</b>
<b>санитариялық</b>	<b>инспектор</b>	<b>(орынбасары)</b>
<b>мемлекеттік</b>		<b>ветеринариялық-</b>
<b>санитариялық</b>		<b>инспектор</b>
<b>Главный</b>		<b>государственный</b>
<b>ветеринарно-санитарный</b>		<b>инспектор</b>
<b>инспектор</b>		<b>(заместитель)</b>
<b>государственный</b>		
<b>ветеринарно-санитарный</b>		
<b>инспектор</b>		

\_\_\_\_\_ қолы / подпись \_\_\_\_\_ аты-жөні / Ф.И.О.

«\_\_» \_\_\_\_\_ 201\_\_ ж./г. \_\_\_\_\_

Мемлекеттік \_\_\_\_\_ ветеринариялық-санитариялық  
бақылау және \_\_\_\_\_ қадағалау нысандарына  
ветеринариялық \_\_\_\_\_ құжаттар беру  
қағидаларына  
2-қосымшасы



**№ 1 нысандағы ветеринариялық сертификат берілетін орын  
ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің  
ТІЗБЕСІ**

1. Жануарлардың барлық түрі (ауыл шаруашылығы, үй жануарлары, жабайы, хайуанаттар паркі, теңіз кәсіпшілік, терісі бағалы аңдар, цирктегі, зертханалық және тағы басқа).
2. Құстардың барлық түрі (үй құстары, жабайы, әсемдік).
3. Аралар, тарқатуға жарамды жібек құртының піллелары.
4. Әсемдік жәндіктер, қос мекенділер, бауырымен жорғалаушылар және рептилдер.
5. Балықтар (оның ішінде әсемдік), құрбақалар, шаяндар, теңіз омыртқасыздары және басқа гидробионаттар, ұстауға және өсіруге арналған вина ұлалары.
6. Ұрықтандырылған уылдырық, эмбриондар, зиготалар, жануарлардың ұрықтары.
7. Инкубациялық жұмыртқа.
8. Балықтарға арналған тірі азықтар (соның ішінде гамарус, артемия салина).

**№ 2 нысандағы ветеринариялық сертификат берілетін орын  
ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің  
ТІЗБЕСІ**

1. Үй жануарларынан, жабайы және теңіз жануарларынан және құстардан алынған және оның қайта өңдеу өнімдері (жартылай фабрикаттар), тағамға пайдалануға рұқсат берілген тұтас ет, тұтас еттің жартысы, төрттен бір бөлігі, блоктары.
2. Сойылған жануарлардың субөнімдері, шпик, қорытылмаған және қорытылған майлар, кептірілген және консервіленген қан және басқа да азық-түліктік мақсаттағы өнімдері.
3. Шикілей ысталған, қақталған, тұздалған, пісірілген пісіріліп-ысталған, жартылай ысталған ет өнімдері.
4. Тағамдық альбумин, іркілдек, казеин.
5. Сүт және сүт өнімдері.
6. Ет, балық, сүт консервілері.
7. Арбалы.
8. Балық, шаян тәріздес, басқа да гидробионаттар және тағамның мақсатқа арналған оларды қайта өңдеу өнімдері.

9. Құстардың тауарлы жұмыртқасы, жұмыртқа ұнтағы және жұмыртқа меланжы.

**№ 3 үлгідегі ветеринариялық сертификат берілетін орын  
ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің  
ТІЗБЕСІ**

1. Эндокриндік шикізат.
2. Ішек шикізат.
3. Тағамға жатпайтын субөнімдер.
4. Өңделмеген мүйіз-тұяқ шикізаттары, оның ішінде сүйектер.
5. Тері және бағалы аң тері шикізаттары.
6. Қыл (түк, жүн, түбіт, қауырсын, қыл-қыбыр, түлеу).
7. Шел және тері шикізатының кесінділері.
8. Техникалық альбумин, казеин, және іркілдек.
9. Ө т .
10. Балауыз, желімтік, мерва, бал ара сүт, араның уы.
11. Жыланның уы.
12. Биологиялық өнеркәсіпке арналған шикізаттар.
13. Аң аулау олжасы.
14. Нақтйн, мұражайлық препараттар, коллекциялар және зоологиялық, анатомиялық, палеонтологиялық коллекциялық заттар.
15. Жануарлардан алынған жемшөптер.
16. Премикстер, жемшөптік қоспалар.
17. Жемшөпке арналған микробиологиялық синтез өнімдері.
18. Кеден одағы субъектілерінен тыс жерлерге келесі сатып алушының талабы бойынша немесе транзиттің (елдің) аумағындағы мемлекеттік ветеринариялық қызметтің талабы бойынша әкелінген басқа жемшөптер, оның ішінде өсімдіктерден алынған және үй жануарларына арналған жемшөптер.
19. Көң (құстардың саңғыты).

Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық  
бақылау және қадағалау объектілеріне  
ветеринариялық құжаттарды беру  
қағидаларына

3-қосымшасы

Приложение 3

к Правилам выдачи ветеринарных  
документов на объекты государственного  
ветеринарно-санитарного контроля и надзора

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринария саласындағы мемлекеттік уәкілетті орган ведомствосының рұқсаты № \_\_\_\_\_ 20\_\_ жылғы «\_\_\_» \_\_\_\_\_ Разрешение № \_\_\_\_\_ ведомства уполномоченного государственного органа в области ветеринарии Министерства сельского хозяйства Республики Казахстан от «\_\_» \_\_\_\_\_ 201\_\_ года

**ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ СЕРТИФИКАТТЫҢ ТҮБІРТЕГІ № \_\_\_\_\_  
КОРЕШОК ВЕТЕРИНАРНОГО СЕРТИФИКАТА**

Ветсертификат \_\_\_\_\_ жылы /год «\_\_\_» \_\_\_\_\_ облысы / область \_\_\_\_\_ ауданында берілді / в районе выдано Жеке/ заңды тұлғаның аты-жөні / Ф.И.О. физического/юридического лица \_\_\_\_\_

Объектінің атауы, мекенжайы, есептік нөмірі, жануардың жеке нөмірі /  
Наименование, адрес, учетный номер объекта, индивидуальный номер животного \_\_\_\_\_

(жеке тұлғалар үшін) ЖСН /ИИН (для физических лиц) \_\_\_\_\_  
(заңды тұлғалар үшін) БСН /БИН (для юридических лиц) \_\_\_\_\_

ветеринариялық- санитариялық инспектордың қызметі, аты-жөні, қолы  
должность ветеринарно-санитарного инспектора, Ф.И.О., подпись  
«\_\_\_» \_\_\_\_\_ 201\_\_ ж. / г.

----- қию сызығы / линия отреза

Қазақстан		Республикасы
Республика		Казахстан
Republic	of	Kazakhstan
Ауыл шаруашылығы		министрлігі
Министерство	сельского	хозяйства
Ministry	of	Agriculture

Ведомствоның аумақтық  
Территориальные подразделения ведомства  
Territorial Office of the Authorized body's sub-division  
Форма № 1  
Form № 1

бөлімшелері  
№ 1 нысан

осы ветеринариялық сертификатты берген, мемлекеттік  
ветеринариялық-санитариялық инспекторы қызмет атқаратын  
мемлекеттік органның атауы  
наименование государственного органа на  
службе которого состоит госветсанинспектор,  
выдавший настоящий ветеринарный сертификат/  
Name of public authority whose  
State veterinary inspector had  
issued this Veterinary Certificate

**ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ СЕРТИФИКАТ**  
**ВЕТЕРИНАРНЫЙ СЕРТИФИКАТ/ VETERINARY CERTIFICATE**  
**№ 00-00-00**

Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің иесіне берілді /Выдан  
владельцу перемещаемого (перевозимого) объекта/ issued to the owner of the  
moveable (transported) object (product) \_\_\_\_\_  
(аты-жөні/Ф.И.О./ title, name.)

(жеке тұлғалар үшін) ЖСН /ИИН (для физических лиц)/ Personal Tax Reference  
Number for the natural person \_\_\_\_\_

(заңды тұлғалар үшін) БСН /БИН (для юридических лиц/Business Identification  
Number for legal persons \_\_\_\_\_

Жануарлардың саны / количество животных / Number of animals \_\_\_\_\_

Жануардың түрі/ Вид животных / Origin of the animals	Жынысы/ Пол / Sex	Жануардың тұқымы / Порода / Breed	Жасы / Возраст / Age	Жеке нөмірі, таңбасы, аты, салмағы / Индивидуальный номер, тавро, кличка, вес / Individual number, brand, name, weight

Тасымалдау кезінде жануардың саны 5 бастан асса, олардың тізімі жасалады, ол тізімге мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы қол қояды және сол тізім осы сертификаттың ажыратылмас бөлігі болып табылады / При

перевозке более 5 голов составляют список животных, который подписывается государственным ветеринарно-санитарным инспектором и является неотъемлемой частью данного сертификата / When transporting more than 5 animals they must be listed and then the list signed by the veterinary - sanitary inspector. Бал ара ұясы араларымен (бал ара ұясы), бал ара пакеттері (ұясымен, ұясыз), аналық бал аралар және т.б. / Улей с пчелами (пчелиная семья), пчелопакеты (сотовые, безсотовые), пчелиные матки и пр. / The hives with bees, bee family, bee parcels (honeycombed and non- honeycombed), bee queens etc.

**1. Жануарлардың шығу тегі / Происхождение животных / Origin of the animals**

Объектінің атауы, мекен-жайы, есептік нөмірі / Наименование, адрес, учетный номер объекта/ Name, address and account number \_\_\_\_\_

Жануардың шыққан жері (туған немесе сатып алынған жері – мемлекет, облыс, аудан) / Место происхождения животных (место рождения или приобретения животных – страна, область, район) / Place of the animals origin (place of birth or procurement (acquirement) of the animals: country, regions, district) \_\_\_\_\_

-----  
Жануарлардың Қазақстан Республикасында болған мерзімі / Животные находились в Республике Казахстан / Animals have been kept in the Republic of Kazakhstan \_\_\_\_\_

туған күнінен, немесе 6 айдан кем емес мерзімде / с рождения или не менее 6 мес . / since birth or aged at least 6 months

Жабайы жануарлар мен хайуанаттардың ауланған жерін көрсету керек / Для диких животных указать место отлова / For wild animals please indicate the place of capture \_\_\_\_\_

Карантинде болған жері / Место карантинирования / Place of quarantine \_\_\_\_\_

**2. Жануарларды тасымалдау бағыты / Направление животных / Information on animals shipment itinerary**

Қабылдайтын ел, жететін пункті / Страна, пункт назначения / Country of destination and location of delivery point \_\_\_\_\_

транзит ел (дер) / страна транзита / country of transit \_\_\_\_\_

шекараны кесіп өтетін пункт / пункт пересечения границы / Point of crossing the border

Қабылдаушы елдің атауы және мекенжайы / Наименование и адрес получателя / Name and address of the consignee \_\_\_\_\_

вагонның, автокөліктің №, әуе ұшағының, кемеңің рейсін көрсету керек / указать № вагона, автомашины, рейс самолета, судна / specify the number of the wagon, truck, flight-number, name of the ship

3. Мен, Бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы (орынбасары), мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы (керектісінің асты сызылсын), жоғарыда көрсетілген жануарлар \_\_\_\_\_ күнсайынғы клиникалық қараумен күндізгі карантинде болғанын, басқа жануарлармен араласпағанын, сертификат берілер күні тексерілгенін және жұқпалы аурулардың клиникалық белгілері болмағанын, растаймын / Я, Главный государственный ветеринарно-санитарный инспектор (заместитель); государственный ветеринарно-санитарный инспектор (нужное подчеркнуть), удостоверяю, что выше указанные животные прошли \_\_\_\_\_ дневный карантин с ежедневным клиническим осмотром, не имели контакта с другими животными, обследованы в день выдачи сертификата и не имеют клинических признаков инфекционных болезней / I, the undersigned Chief (Deputy) State Veterinary-Sanitary Inspector/ the undersigned State Veterinary-Sanitary Inspector (*underline as necessary*), thereby certify that above-mentioned animals were placed under quarantine for \_\_\_\_\_ days with daily clinical examination, and they had no contacts with the other animals and examined on the day of issuance the certificate and showed no clinical symptoms of the infectious diseases.

Көлік құралдары Қазақстан Республикасында қабылданған әдістермен және құралдармен тазаланған және дезинфекцияланған / Транспортные средства очищены и продезинфицированы принятыми в Республике Казахстан методами и средствами / Means of transport have been cleaned and disinfected by the methods and the means adopted in the Republic of Kazakhstan/ Жануардың шыққан жерінде мына індеттер тіркелінбеген / Животные выходят из местности, где не регистрировались / The animals originate from the locality free from :

\_\_\_\_\_ соңғы \_\_\_\_\_ в течение последних / during the last \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ соңғы \_\_\_\_\_ в течение последних / during the last \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ соңғы \_\_\_\_\_ в течение последних / during the last \_\_\_\_\_

Жануарлар \_\_\_\_\_ күндізгі карантин кезеңінде, мемлекеттік зертханаларда, Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге экспортталған кезінде аккредиттелген сынақ зертханаларының (орталықтардың) тізіліміне енгізілген аккредиттелген зертханаларда жұқпалы ауруларға теріс нәтижемен тексеріледі:/ Животные в период \_\_\_\_\_ дневного карантина исследовались в государственной ветеринарной лабораторий, при экспорте за пределы Республики Казахстан в

аккредитованных лабораториях, включенных в Реестр аккредитованных испытательных лабораторий (центров), с отрицательным результатом на: / during \_\_\_\_\_ quarantine days animals have been examined in the State Veterinary Laboratory and when exported out of the Republic of Kazakhstan they were subjected to examination at the accredited (listed as accredited) laboratories (test centers) and came out with negative results:

\_\_\_\_\_ «\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ ж./г./у.  
\_\_\_\_\_ «\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ ж./г./у.

Жұқпалы ауруларға қарсы вакцина егілді: / Проведена вакцинация против: /  
Animals were vaccinated against:

\_\_\_\_\_ «\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ ж./г./у.  
\_\_\_\_\_ «\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ ж./г./у.  
\_\_\_\_\_ «\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ ж./г./у.

Паразиттерге қарсы өңделген жануарлар: / Животные обработаны против паразитов: / Animals were treated against parasites:

\_\_\_\_\_ «\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ ж./г./у.  
\_\_\_\_\_ «\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ ж./г./у.

Жемшөптер және басқа ілеспе жүктер тікелей экспорттаушы-шаруашылықтан алынған және жұқпалы аурулардың қоздырғыштарымен залалданбаған / Корма и др. сопровождающие грузы происходят непосредственно из хозяйства-экспортера и не контаминированы возбудителями инфекционных болезней / The fodder (feed) and other accompanying items are originated from the exporter's premises and not contaminated with pathogenetic organisms.

Құжат толтырылды / Составлено / Certificate has been drawn up \_\_\_\_\_ жылы / год/year «\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_

Ветеринариялық бақылау пунктiнiң мемлекеттiк ветеринариялық-санитариялық инспекторының мөртабан орны / Место штампа государственного ветеринарно-санитарного инспектора ветеринарного контрольного поста / The place for the stamp of the state veterinary - sanitary inspector at the veterinary control post

---

